

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.02.2024

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Ж.Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлегенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Е.Жиенбаев; АК мүшесі, академиялық персонал – Л.Алиева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., А.Сандыбаева; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б.Мауленкул; білімгерлер өкілі – П.Ұлмекен; білімгерлер өкілі – Қ.Баймағамбетов; білімгерлер өкілі – М.Қамбар; білімгерлер өкілі – А.Алибек; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – А.Шахман; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай; білімгерлер өкілі – Н.Егінберлі.

**Күн тәртібі:**

1. ББ-ларына мониторинг нәтижелерін талдау
2. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалардың (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02266-Исламтану, 6B02286-Философия-дінтану, 7M02262-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02210-Тарих, 7M02212 Түркітану) жұмыс берушілеріне сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнамаға жалпы 21 респондент қатысты. Сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілер Қызылорда облысы дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы, Түркістан облысы дін мәселелерін зерттеу орталығы, Қожа Ахмет Ясауи университеті аударма орталығы, Түркістан облысы бала бакшасы, Түркістан облысы қалалық әкімшілігі, Түркістан қаласы мектеп директорлары, Археология ғылыми-зерттеу институты директоры, Туркология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан Ахмет Ясауи колледжі директоры және т.б мекемелерден жұмыс берушілер қатысты.

Жұмыс берушілерден білім беру бағдарламаға қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сұрақтар қойылды. Сұрақтардың мазмұнын тізімдеп көрсететін болсақ:


- Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз
- Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеңіз
- Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз

- Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?
- Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?
- Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз?
- Сіздің ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады деп ойлайсыз? Ұсыныстарыңыз бар ма? Осыған қатысты қандай да бір қосымша тілектер мен ескертулер болса, жазып көрсетуіңізді өтінеміз.

**АК мүшесі, академиялық персонал М.Төлегенов:** Жұмыс берушілердің сауалнамаға берген жауаптарын төмендегідей талдап көрсетуге болады:

Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз


21 янит



Жоғарыдағы диаграммада көріп отырғанымыздай түлектеріміздің сапасы тұрғысынан жұмыс берушілердің 76,2% - өте жақсы; 19% - жақсы қалған 4,8% - төмен деп бағалаған. Бұл көрсеткіш білім беру бағдарлама түлектерінің жұмыс берушілер тарапынан жоғары деңгейде бағалғанын көрсетеді.

Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап берсеңіз


21 янит






Жұмыс берушілер тарапынан университетіміз түлектерінің басқа ЖОО түлектерімен салыстырмалы түрде бағалау бойынша төмендегідей нәтижеге қол жеткіздік. Жұмыс берушілердің 71,4 % біздің ЖОО түлектері кәсіби тұрғыдан мейлінше дайындалғанын алға тартса, респонденттердің 9,5% басқа ЖОО түлектерімен салыстырғанда мамандардың бірдей екенін тілге тиек етті. Тек 9,5% ғана түлектердің кәсіби тұрғыдан дайындығы басқа ЖОО түлектерінен төмендеу деп бағалады. Бұл көрсеткіш нарықтағы бәсекелестіктің жоғары екенін көрсетеді.

Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағаласаңыз




Түлектердің бойында сапалы біліммен қатар, өмірдегі өзгерістерге бейімделу, адамдармен жақсы коммуникация жасау, сыни тұрғыдан ойлау, уақытты басқару, сртеске төзімділік сияқты кейбір икемді дағдылардың (soft skills) болуы өте маңызды. Сондықтын да біздер жұмыс берушілерден түлектердің бойындағы жоғарыдағы қасиеттердің деңгейіне байланысты сұрақтар қойған болатынбыз. Жоғарыдағы шкалада осы дағдылар мен біліктіліктердің деңгейі туралы көрсеткіштерді көре аламыз. Білім беру бағдарлама түлектеріміздің компьютерлік дағдылары, қызмет бағыты бойынша заманауи технологияларды қолдануы, мәселені алдын ала болжай білу, коммуникативтік дағдылары, кәсіби және этикалық жауапкершілік, кәсіби тұрғыдан дамуға деген ынта, шет тілдерін меңгеру сияқты дағдылар мен біліктіліктер бойынша жұмыс берушілердің көпшілігінен «жақсы» және «керемет» деген жауапты алдық.


Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?  
21 яанит



Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз?  
21 яанит



Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз?  
21 яанит





Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісін, өз саласындағы өзгерістерге тез бейімделу үдерісін және жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығын қалай бағалайсыз деген сұрақтарға берген жауаптарын талдайтын болсақ, жұмыс берушілердің басым көпшілігі «өте жақсы» және «жақсы» деген жауаптарын алдық.

Жалпы қорыта айтатын болсақ жоғарыдағы диаграммалардан көріп отырғанымыздай жұмыс берушілердің университетіміздің білім беру бағдарлама түлектерінен қанағаттану деңгейінің жоғары екенін байқауға болады.

Ең соңында жұмыс берушілерден «Ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады» деген сұраққа бір неше ұсыныстар мен пікірлерін алдық. Бұл ұсыныстарды төмендегідей көрсетуге болады:

- Теориялық білімді үнемі практикамен ұштастыру қажет;
- Музей ісі мамандарына деген сұраныс бар. Тарихи ескерткіштерді қорғау, көрме ұйымдастыру мен өткізу, жәдігерлер кезенін анықтау біліктіліктері назарға алынса;
- Практикалық сабақтар көп болса;
- Тәжірибеге барынша көп, әрі ұзақ уақыт берсеңіздер! Дайындаған мамандарыңыздың ынта жігерімен, қызығушылықтары бірден көрінеді;
- Құжаттамалық пәндер оқытылса;
- Түлектер әрдайым ізденісте болса.

**АК мүшесі жұмыс беруші өкілі М.Тастанбеков:** Білім беру бағдарламалардың жалпы мазмұны қанағаттанарлық деп айтуға болады. Бұл жердегі ең маңызды мәселе студенттер теориялық алған білімдерін практика жүзінде қолдана алуында. Сол кезде ғана бітіруші түлектер бәсекеге қабілетті, өз саласының маманы болып шығады деп есептеймін.

**АК мүшесі жұмыс беруші өкілі Р.Ашимов:** Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға қажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің қысқаша сипаттамалары олардың қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды меңгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық меңгеруге бағытталғанын көрсетеді.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Халықов:** Қазіргі таңда қоғамымызға сапалы, кәсіби тұрғыдан өзін жетілдірген дінтанушы және теолог мамандар өте қажет. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи университетінің түлектерінің дайындығын жалпы кәсіби тұрғыдан жақсы деп бағалаймын. Студенттердің діни мәтіндерді оқып түсінуіне, мәтіндерге дінтанулық-теологиялық сараптама жүргізу дағдыларына көбірек назар аударылса деген ұсыныс айтамын.

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағытындағы ББ бойынша жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнаманың қорытындысын тыңдадық. Жоғарыдағы шкалалар мен диаграммаларда көріп отырғанымыздай түлектеріміздің сапалық тұрғыдан да, біліктілік пен икемділік дағдылары тұрғысынан да жоғары деңгейде екенін байқадық. Дегенмен жұмыс берушілердің білім беру бағдарламамызды жақсарту бойынша ұсыныстарын назарға алып, сол бойынша жұмыс жасауымыз қажет. Осы бағытта қажет болған жағдайда білім беру бағдарламаның мазмұнына жұмыс берушілердің ұсынысы, қоғамның қажеттілігі және шетелдік оқу орындардың тәжірибелерін ескере отырып өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Сонымен қатар былтырғы оқу жылы барлық білім беру бағдарламаларды

жаңартып 3 кредиттен тұратын «ікемді дағдылар» пәнін енгізген болатынбыз. Бұл пәннің мақсаты адамның өзгермелі жағдайларға бейімделуге қажетті ікемді дағдыларды қалыптастыру. Курс барысында студенттер көпшілік алдында сөйлеу, презентация жасау, аудиторияның назарын аудару дағдыларын дамытады. Нәтижесінде студент проблемалардың басымдылықтарын анықтап, оларды шешуде креативті ойлауды және тәуекелдерді болжауды үйренеді. Сондай-ақ, студент өз мүдделері мен сұхбаттасушының мүдделері үшін екіжақты ақпарат алмасуды тиімді қамтамасыз ете алады. Бұл курсты оқып аяқтаған түлектер жұмыс берушілердің сұраныстары мен үміттерін қанағаттандырады деп ойлаймын.

АК мүшелері жоғарыда айтылған ұсыныстар мен пікірлерді бір ауыздан қолдады.

**ШЕШІМ:**

1. Жұмыс берушілердің ББ-ны жақсартуға байланысты ұсыныстары назарға алынсын.
2. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.Нурматов

Хатшысы:



М.Төлеген